

ся внимание на вкладывании средств с целью получения определенной выгоды, с другой, - сама сфера авансирования средств четко не определена и размыта, средства могут быть вложены в любую область экономики: производство, обращение, финансовый сектор и т.д.

#### Литература:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. 1 сентября 2020 г. [www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)
2. Дадашева О.Ю., Инвестиционная деятельность банков: Учебник. М.: Финансовый университет 2013. 141 с.
3. Долан Э. Дж. и др. Деньги, банковское дело и денежно-кредитная политика / пер. с англ.; под общ. ред. В. Лукашевича. - М.: Туран, 2014. - С.60
4. Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка. Отчет по развитию фондового рынка / [finreg.kz](http://finreg.kz)
5. Пандемия, инвестиции и новый формат работы: 2021 год будет решающим для "Самрук-Казына" <https://ru.sputnik.kz>

УДК 33

## ҚР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҒЫ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

*Зағыпар Г.А.*

э.ғ.м., оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [gulim.zagypar@mail.ru](mailto:gulim.zagypar@mail.ru)

**Аннотация.** Инвестициялар – бұл күрделі қаржы, күрделі шығындар-жаңа құрылыс салуға және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жаңартуға, кеңейтуге және тұрғын үй, коммуналдық және мәдени-тұрмыстық техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған. Инвестициялар тұтынылған капиталды ауыстыру және жанасын құру шығындары деп аталады. Басқаша айтқанда, инвестиция бұл табыс, әлеуметтік пайда алу мақсатында өндірістік және өндірістік емес салалардағы негізгі қорларын қарапайым және кеңейтілген пайдаға молықтыру үшін арналған және жұмсалған қаражат.

**Кілтті сөздер:** инвестициялар, инвестициялық жоба, еңбек ресурстары, экономикалық пайда, ұлттық жобалар, капитал,

**Зерттеу әдістері:** теориялық, салыстырмалы, талдау, сонымен қатар жалпылау және сипаттау секілді жалпы ғылыми әдістер пайдаланылды.

**Зерттеу мақсаты:** инвестициялық жобалардың теориялық және тәжірибелік жағынан зерттей отырып, даму перспективаларын көрсету және отандық инвестициялық жобалардың қызметін жетілдіру жолдарын ұсыну.

**Кіріспе:** Инвестициялық жобаларды көптеген әлеуметтік маңыздылығы тұрғысынан, қоршаған ортаға әсер ету ауқымы бойынша, Еңбек ресурстарын тарту және тағыда басқа өлшемдік дәрежесі бойынша бағалауға болады.

Жалпы инвестициялық тиімділік деп жобадан алынған нәтижелердің – экономикалық пайда, сондай-ақ экономикалық емес яғни, өңірдегі әлеуметтік шиеленісті алып тастағандағы пайда - жобасына жұмсалатын шығындардың сәйкестігін түсінеді.

Инвестициялық жобаның тиімділігі, бұл осы жеке кәсіпкер тудыратын жобаның инвестициялық қызмет субъектілері және жалпы қоғам түсінетін жобаға қатысушылардың мақсаттары мен мүдделеріне сәйкестігін көрсететін категория болып есептеледі. Сондықтан «инвестициялық жобаның тиімділігі» термині жобаның тиімділігі ретінде түсіндіріледі [1].

Инвестициялық жобалардың оң болуы, яғни табысты болуына бірнеше факторлар әсер етеді, олар:

- Инвестициялық жобаға қаражат құю үшін жобаның сметалық есеп құрылысы және бағалау болуы қажет;
- Жобаның барлық құралды талаптарға сай және шығындарды азайтуды қамтамасыз етуді жоғарылату;
- Инвестициялық жобаны жүргізу істерін роционалды құру;

#### Кесте 1-Инвестициялық жобалардың жіктелуі

№	Ресурстардың қолдану көлеміне байланысты	1. кіші жоба. 2. орта жоба 3. мега жоба
1.	Жүзег асырылу уақытына байланысты	1. қысқа мерзімді 2. орта мерзімді 3. ұзақ мерзімді
2.	Ұлттық масштабына байланысты	1. ұлттық жобалар 2. халықаралық жобалар
3.	Тәуекелдің басым деңгейіне байланысты	1. төмен тәуекелді 2. орташа тәуекелді 3. жоғары тәуекелді
4.	Ұйымдастырылу нысанына байланысты	1. мультижоба 2. модульдік жоба
<i>Ескерту – [2] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған</i>		

Нарықтық экономикаға өту айналымында жетпей қалған инвестициялыр шетел инвесторларын тартумен орын толтырылады және инвестицияның экономика шешімдеріне талаптары күшейе түседі. Жобаларға баға беру арқашан сапалы және дұрыс берілуі қажет. Бағалаудің қателігі немесе инвестициялардың өтелуі құнның аса көрсетілуі қаржылық компаниялар үшін біршама ауырпалық туғызады, себебі рентабельділігі және табыстылығы жағынан қолайлы жобаларды алмайға алып келуі әбден мүмкін.

Қазақстан Республикасына жаңа заманауи инвестициялық жобаларды енгізу үшін шет елдердің тәжірибесі сүйену керек. Еліміз үшін инвестициялық

жобалардың заманауи тәсілдері мен әдістеріне тәжірибелеріне бай елдер - Қытай, Ұлыбритания, және АҚШ тәжірибелеріне шолу жасап, өзімізге осы елдерден тәжірибе алу қажет.

Шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі мақсаты ұлттық экономиканы өркендету және оны әлемдік экономикалық жүйеге енгізу. Қытайдағы инвестициялық саясаттың маңызды мәселелерінің бірі тікелей шетелдік инвестициялардың аймақтық даму стратегияларына қаншалықты үлес қоса алатындығы болып табылады [3]

Қазіргі уақытта капиталды жинақтаудың екі моделі бар: «батыс» және «шығыс». Егер «батыс» моделі тән болса капиталдың ЖІӨ-де салыстырмалы түрде төмен үлесі (орташа деңгейден төмен) 21%), содан кейін «шығыс» үшін, керісінше, жинақтың жоғары үлесі тән ЖІӨ-дегі капитал (шамамен 30%). Байлықтың жоғары деңгейіне қол жеткізген экономикалық дамыған елдер үшін шешуші рөл негізгі қорларға салынған инвестициялар көлемімен байланысты емес және олардың сапасы.

Қытайлық инвестициялық модельнің негізгі ерекшеліктері «Шығыс» моделімен сипатталады, капиталды көп қажет ететін даму моделін пайдалану мыналармен байланысты:

- ЖІӨ-де жинақтың салыстырмалы түрде жоғары үлесі;
- ЖІӨ-нің өсудің басқа факторларын шектеулі қолдану (мысалы, тұтыну);
- инновациялық өсуді ынталандырудың күрделілігі;
- негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша төмен салық ставкалары [6]

Ұлыбритания елінің инвестициялық модельінің ерекшеліктеріне мыналар кіреді:

- 1) ЖІӨ-де жинақтау үлесі тіпті Еуропа елдері үшін өте жоғары, «Батыс» моделінің әсерінен;
- 2) белгілі бір ремормалардың кезеңдерінде шетелдік инвестициялардың жоғары үлесі;
- 3) үшінші секторға салынған инвестициялардың қарқынды өсуі [3].

Қазақстан Республикасындағы мұнай және газ саласындағы басты компания «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясын» атап өтуге болады.

Компанияның құрылу мақсаты көмірсутектерді барлау, тасымалдау, қайта өңдеу және өндіру болып табылады. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания 2002 жылы Елбасының бұйрығы бойынша құрылған.

Қазақстан Республикасы мұнай және газ конденсатының қорлары бойынша әлемде 12-ші орынға алады, ал табиғи газ қорлары бойынша - 22-ші орын, мұнай және газ өндіру бойынша – 17-ші орынға ие [4]

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік Қоғамының жобаларының бірі - Қарашығанақ жобасына тоқталып кетсем. Қарашығанақ кен орнында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін жобаның қатысушылары «Қарашығанақ Петролиум ОперейтингБ.В.» (КПО Б.В.) компаниясын құрды.

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының кен өндіру және өңдеу ұлттық мұнай-газ компаниясы. Қарашығанақ инвестициялық жобасы Қазақстанның батыс өнірінде орналасқан 285 км 2 астам аумақта орналасқан елдегі ең ірі мұнайгазконденсат кен орындарының бірі - Қарашығанақ кен орнының операторы [5]

«Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының деректеріне сүйене отырып 2019 жылдың басында Қарашығанақ кен орнында 5000-ға жуқ адамдар жұмыс жасады. Қазіргі кезде Қарашығанақ жобасының әріптестері «Shell», «Chevron», «Lukoil» және «KMG» компанияларымен келісім-шарт және өндірілген өнімді бөлу бойынша шартта отырған. Қарашығанақ жобасының мұнай мен газды үлкен объемда өндіру үшін жобаның әріптестері жаңа озық технологияларды пайдаланады және ол үшін үлкен қаражаттар бөліп инвестиция құяды 22,9 млрд АҚШ доллары [6].

Қарашығанақ жобасы мұнайды және шикі газды, отын газын өндіруді және өндеуді, барынша басып бөлігін сатып, пайда болған кірісті арттыру үшін экспортқа жіберіледі.

Кесте 2- Қарашығанақ жобасының 2017-2019 жж. өндірістің және сатылымның көлемі

№	Көрсеткіштер	Бірліктер өлшемі	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2019/2017жж., %
1.	Өндіріс көлемі	млн тенгемен	143,8	142	140	97,08
2.	Тұрақты эквивалент мұнайдын көлемі	мын теңгемен	12 003	9 989	11 235	96,1
3.	Газдың өндіріс көлемі	миллион м3	18 245	18 465	17 632	97,6
4.	Таза газ	миллион м3	685	686,1	606,5	88,87
5.	<b>Сатылым</b>					
6.	Сатылымның жалпы көлемі	млн. м.э.б.	137.9	137.6	137	99.35
7.	Көмірсутектің селдір тұрақсыздығы	мын теңге	752	662	859	121,3
8.	Көмірсутектің селдір тұрақтылығы	мын тенге	10 115	10425	9 325	95,1
9.	Жаңартылмаған газ түрі	миллион м3	8 124	8 132	8 124	102,3
10.	Жағартылған газ түрі	миллион м3	115,2	67,9	60,1	45,46
<i>Ескерту - [7] дерек көзі негізінде құрастырылған</i>						

2 кестеде көрсетілгендей, 2019 жылы Қарашығанақ жобасының тұрақты және тұрақсыз көмірсутектер мен газ түрінде 140,1 миллион баррель мұнай эквивалентін өндіреді. 2019 жылы газдың жеткізу көлемі 9 млрд. М3 құрайды.

### Кесте 3-Қарашығанақ кең орнының еңбек ресурсының құрылымы

№	Кқрсеткіштер	2017ж		2018ж		2019ж	
		адам	%	адам	%	адам	%
1.	Жұмыскерлер	3440	81,1	3568	81,1	3504	80,2
2.	Қызметшілер	833	19,4	833	18,8	834	19,1
3.	оның ішіндегілер: - жетекші	165	3,9	156	3,6	153	3,6
4.	- маман	204	4,8	208	4,9	214	4,8
5.	- басқа да қызметшілер	466	10,9	471	10,8	469	10,9
6.	Барлығы	4313	101	4402	101	4338	101
<i>Ескерту - [7] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған</i>							

Үстідегі кестеде еңбек ресурсының құрылымы берілген. 2017 үлес салмағы 81,1 %, ал қызметшілердің үлес салмақтары 19,4 %-ды құрайды, 2018 жылы 81,2%-ды құрайды осы жерде ккріп отырғанымыздай айтарлықтай қатты өзгеріс байқалмайды. Байқап отырғанымыздай үш жыр аралығында санаттар бойынша қатты ауытқулар байұалып отаған жоқ.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, қазіргі нарықтық жағдайда, Қазақстан Республикасы өсіп келе жатқан экономиканың ақылға қонымды деңгей арқылы жоғары өсу қарқынына қалай қол жеткізе алатындығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының инвестициялық жобалардың қызметін жетілдіру жолдарына келетін болсақ, бұл жерде елімізде мұнай және газ саласы жақсы дамыған, яғни мұнай мен газды өндеу тарапына тоқталсам:

Біріншіден, еліміз инвестициялық жобалар бойынша жаңа реформалар құруы қажет, бұл мемлекетімізге шет елдерінің инвесторларын тартуға мүмкіндік береді және тек мұнай саласына ғана емес басқа жеңіл өнеркісіп салаларынады.

Екіншіден, ауыл-аймақтаңы жерлерді дамыту қажет, оның есебінен еліміздің экономикасы дамиды.

#### Әдебиеттер:

1. Глазунов, В.Н. Инвестицияны бағалау / В.Н. Глазунов //Қаржы. –2012. – №10.
2. Гайсин, Р.С. Эконом теория: оқулық / Р.С. Гайсин. – М.: НИЦ ИНФРА-М. – 2013 г.
3. Владимиров, С.А. Шет елдердің инвестициялық тәсілдері / С.А. Владимиров // Экономика және қоғам. – 2013. – № 2
4. <https://www.kmg.kz/> КМГ-нің басты ресми сайты
5. Егоров О.И. Пути развития Прикаспийского нефтегазового комплекса: региональные особенности // Caspian. Special publication of KIOGE 2014 – The 22–nd International Oil and Gas Exhibition. – London: Caspian Publishing House LTD, 2018.
6. Чигаркина О.А. Нефтегазовый комплекс Казахстана: состояние и перспективы развития. // Регион: экономика и социология. – 2018г, – № 1
7. Отчет об устойчивом развитии компании «Карачаганак ПетролиумОперейтинг Б.В.», 2018. Электронный ресурс: <https://expertonline.kz/a15807/>